

## **ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі**

**6B01 - Педагогикалық ғылымдар**  
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**6B016 - Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау**  
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0114**  
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**B015 - Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау**  
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**6B01601 - Тарих**  
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**бакалавр**  
(дайындық деңгейі)

**Оқуға түскен жылы 2023 жыл**

## **Әзірленді**

БББ академиялық комитеті  
АК жетекшісі Тлемисов Улан Багдатович  
БББ менеджері Мукатаева Зауре Кадырбаевна

## **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Гуманитарлық- экономикалық факультетінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында  
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды  
Хаттама № 4 а "5 " сәуір. 2023 ж.  
Комиссия Төрағасы Ш. Ш. Абишева

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында 2023 ж. «25» сәуірдегі № 8 хаттама бекітілді.

## **БЕКІТІЛДІ**

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында  
2023 жылғы "01" қыркүйек № 1 хаттама.  
Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы Орынбеков Д.Р.

## Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Интеграцияланған пән құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экономика, кәсіпкерлік және көшбасшылық, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері саласындағы негізгі мәселелер мен қағидаттарды қамтиды. Нормативтік құқықтық актілерді пайдалану ерекшеліктері, Қоғамның іскерлік, этикалық, қоғамдық, экономикалық, кәсіпкерлік және экологиялық нормаларын пайдалана білу. Экологиялық-құқықтық, экономикалық, кәсіпкерлік қатынастардың, көшбасшылық қасиеттердің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидаттарының ерекшелігі.

### Пәнді оқыту мақсаты

Антропогендік әсер ету және төтенше жағдайлар жағдайында тірі организмдердің, тұтастай биосфераның жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтарын және олардың тұрақты даму тетіктерін зерделеуден тұрады; сыбайлас жемқорлық ұғымын, оған қарсы күрестің заңдылығын, мемлекеттік қылмыстық-атқару саясатының мазмұнын түсінуден; білім алушыларда Экономикалық теория негіздері бойынша базалық іргелі тұрақты білімді қалыптастырудан, экономикалық ойлау іскерлігі мен дағдыларын сіңіруден; студенттерді кәсіпкерлік теориясы мен практикасымен, өз ісін құру негіздерімен таныстырудан; көшбасшылық қасиеттерді дамыту және жетілдіру.

### Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану

☒ тіршілік әрекетінің маңызды басымдықтары ретінде табиғи ортаның қауіпсіздігі мен сақталу мәселелерін талдайды;

☒ табиғат пайдалану және орнықты даму негіздерін білетіндігін көрсетеді, техногендік жүйелердің қоршаған ортаға әсерін бағалайды;

☒ Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілерін білуін, оларды түсінуін және қолданылуын көрсетеді;

☒ экономикалық процестердің даму заңдылықтары туралы білімдерін көрсетеді, өз ұстанымын нақты тұжырымдайды, оны қорғаудағы дәлелдерді табады және нақты баяндайды;

☒ кәсіпкерлік қызмет түрлері мен кәсіпкерлік ортаны сипаттай алады, бизнес-жоспар құра алады, кәсіпкерлік құрылымды құрады және оның қызметін ұйымдастыра алады;

☒ үлкен және кіші әлеуметтік топтарды басқарудағы көшбасшылық рөлі туралы іргелі ережелерді біледі.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## Археология және алғашқы қауымдық құрылыс тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән археологияның ғылым ретіндегі ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады. Тарихтың археологиялық кезеңделуін, көне кезеңдегі археологиялық мәдениеттерді, археологиялық ескерткіштерді және олардың түрлерін, археологиялық зерттеу әдістерін зерттейді. Саналы адамның пайда болу проблемалары, алғашқы қауымдық адамзат қоғамының қалыптасуы мен дамуы, құралдар мен экономикалық қызметтің эволюциясы, адамзаттың ежелгі тарихының әртүрлі кезеңдерінде рухани мәдениеттің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Дереккөздермен жұмыс істеу дағдылары, материалды жүйелеу қабілеті қалыптасады.

### Пәнді оқыту мақсаты

антропо -, социо- және культурогенез процестері, адамзаттың тарихи дамуының негізгі жолдары, қолданыстағы жалпы ұғымдар туралы жүйелік түсінік археологиялық білім туралы тұтас көзқарасты қалыптастыру,

### Оқыту нәтижелері

ОН 5 Дүниежүзілік және отандық тарихтың әр түрлі кезеңдеріндегі тарихи процестерді сипаттау. Тарихи оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын түсіндіру. Қазақстанның тарихи өткенінің құбылыстары мен оқиғаларын жалпы әлемдік тарихи дамудың ортақ парадигмасымен салыстыру арқылы қарастыру.

ОН 6 Дүниежүзілік және отандық тарихтың белгілі бір кезеңін білудегі деректер кешенінің ерекшеліктерін сипаттау, олармен жұмыс істеу ерекшеліктерін анықтау. Тарихи процестерді зерттеудің заманауи тәсілдерін түсіндіру және қолдану, тарихи фактілер мен ғылыми әдебиеттерді, зерттеу гипотезалары мен тұжырымдамаларын түсіндіру.

ОН 7 Қосымша тарихи және гуманитарлық пәндер туралы теориялық білімді қолдану, олардың тарихи зерттеудегі рөлін анықтау. Мұрағаттану, мұражайтану, этнологияның өзекті мәселелерін назарда ұстау. Мектепте, оның ішінде туған өлкенің тарихы бойынша тарихи зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу алгоритмін дайындау.

ОН 8 Ғылыми зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін, ғылыми-зерттеу процесі мен педагогикалық қызметті жоспарлау мен ұйымдастыруды, алынған нәтижелерді бағалау мен түсіндіруді сипаттау. Гуманитарлық пәндер саласында ғылыми зерттеулер жүргізу. Білім беру, ғылыми және тәрбие қызметіндегі міндеттерді шешуде шығармашылық тәсілді қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Археологиялық ескерткіштердің түрлерін анықтау
2. Адам және оның шаруашылығы эволюциясының негізгі кезеңдерін талдау
3. Тарихи дереккөздерден алынған ақпаратты түсіндіру

## Пререквизиттер

Мектеп курсы

## Постреквизиттер

Қазақстанның ежелгі заман тарихы

## Тарих мамандығына кіріспе

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән тарих ғылымы теориясының негізгі проблемалық сұрақтары, тарихшы мамандығының ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастырады. Курс аясында тарихи сананың дамуының негізгі кезеңдері, тарихтың функциялары, тарихи пәндердің жіктелуі мен өзара әрекеттестігі қарастырылады. Тарихи білімнің ерекшеліктері және оның қазіргі жағдайдағы рөлі сипатталады, тарихи дереккөздермен, оқу және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдылары, зерттеу жұмыстарының әдістері, өзіндік оқу жұмысының әдістемесі қалыптасады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Студенттер болашақ мамандығының негіздері мен, кәсіби ерекшеліктерімен танысады. Категориялы – анықтамалық аппараттың меңгереді. Тарих мамандығының оқу бағдарламасымен, педагогикалық жоғары оқу орындары жұмыстары және мазмұнымен, педагогикалық институттағы оқу сабағының негізгі түрлерімен танысады.

### Оқыту нәтижелері

ОН 5 Дүниежүзілік және отандық тарихтың әр түрлі кезеңдеріндегі тарихи процестерді сипаттау. Тарихи оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын түсіндіру. Қазақстанның тарихи өткенінің құбылыстары мен оқиғаларын жалпы әлемдік тарихи дамудың ортақ парадигмасымен салыстыру арқылы қарастыру.

ОН 6 Дүниежүзілік және отандық тарихтың белгілі бір кезеңін білудегі деректер кешенінің ерекшеліктерін сипаттау, олармен жұмыс істеу ерекшеліктерін анықтау. Тарихи процестерді зерттеудің заманауи тәсілдерін түсіндіру және қолдану, тарихи фактілер мен ғылыми әдебиеттерді, зерттеу гипотезалары мен тұжырымдамаларын түсіндіру.

ОН 7 Қосымша тарихи және гуманитарлық пәндер туралы теориялық білімді қолдану, олардың тарихи зерттеудегі рөлін анықтау. Мұрағаттану, мұражайтану, этнологияның өзекті мәселелерін назарда ұстау. Мектепте, оның ішінде туған өлкенің тарихы бойынша тарихи зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу алгоритмін дайындау.

ОН 8 Ғылыми зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін, ғылыми-зерттеу процесі мен педагогикалық қызметті жоспарлау мен ұйымдастыруды, алынған нәтижелерді бағалау мен түсіндіруді сипаттау. Гуманитарлық пәндер саласында ғылыми зерттеулер жүргізу. Білім беру, ғылыми және тәрбие қызметіндегі міндеттерді шешуде шығармашылық тәсілді қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Тарихи дамудың жалпы заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін білу
2. Зерттелетін материалды зерделеуді және баяндауды логикалық тұрғыдан талдай білу.
3. Тарихи процестің алуан түрлілігі мен сәйкессіздігін жалпы түсінуді қамтитын тарихи ойлаудың базалық дағдыларын меңгеру.

## Пререквизиттер

Мектеп курсы

## Постреквизиттер

Археология және алғашқы қауымдық құрылыс тарихы

## Жас ерекшелік психологиясы және физиология

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс адамның анатомиясы мен физиологиясы, жас ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді, жоғары жүйке қызметінің заңдылықтары және адамның жүйке жүйесінің функционалдық ерекшеліктері қарастырылады. Оқушылардың онтогенездегі психикалық және физиологиялық дамуы, жас ерекшеліктері мен дамуының негізгі заңдылықтары, психофизиологиялық нормаларды есепке алу негізінде баланың дамып келе жатқан тұлғасының маңызды психикалық ерекшеліктері туралы жүйелі түсінігін қалыптастырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Оқушылардың онтогенездегі дұрыс, ғылыми білімді, адамның ақыл- ой және физиологиялық дамуын мәдени даму аспектісіндегі психология мен физиологиялық дамудың маңызды мәселелері бойынша әр түрлі көзқарастар туралы түсініктерін қалыптастыру. Студенттерді олардың кәсіби психологиялық - педагогикалық және физиологиялық дайындығын нығайтуға, психологиялық- физиологиялық білім бөлімін тереңдетуге ықпал ететін теориялық және практикалық біліммен қаруландыру.

### Оқыту нәтижелері

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік- мәдени, экономикалық- құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

ОН 2 Тұлғаның психологиялық және жас ерекшеліктері туралы білімді меңгереді

## Пререквизиттер

Мектеп курсы

## Постреквизиттер

## Педагогика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәннің мазмұны білім алушыларда педагогикалық ғылымның теориялық – әдіснамалық негіздері және кәсіби – педагогикалық іс-әрекеттің мәні туралы тұтас көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Курсты оқу білім беру ортасында тұтас педагогикалық процесті ұйымдастырудың мазмұны, принциптері, формалары мен әдістері туралы қажетті білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Курсты оқу білім алушыларда оқу мен оқытудағы заманауи тәсілдерді сәтті жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттерді қалыптастырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Педагогика оқу пәні ретінде студенттерде педагогика объектісі мен пәні, оның функциялары, категориялық аппарат, ғылым әдіснамасы туралы білімді қалыптастыруды мақсат етеді. Курсты оқу білім алушылардың білім беру мекемесі жағдайында педагогикалық процесті жобалау мен бағалауда қажетті құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді. Пән тақырыптарының мазмұны оқыту мен тәрбиелеудің формаларын, құралдарын, әдістерін таңдауда және сәтті қолдануда білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

### Оқыту нәтижелері

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Пән теориясы бойынша негізгі ұғымдарды біледі
2. Педагогикалық дайындық жүйесінде білімді меңгерген және тұтас педагогикалық үдерісті ескере отырып шешім қабылдайды
3. Педагог мамандығының негізгі дағдыларын қолданады

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## Оқу тәжірибесі (археологиялық)

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Білім алушылар практика барысында теориялық білімдерін нақты тәжірибемен байланыстырады. Археологиялық зерттеу әдістерімен танысады.

Білім алушылар археологиялық зерттеулерге тікелей қатыса отырып, дәстүрлі және жаңа әдістерді, археологиялық және геодезиялық аппараттарды пайдалана отырып, қазба жұмыстары барысында археологиялық ескерткіштерді жүйелі түрде зерттеуге дайындалады, археологиялық барлау мен қазудың әдістемелік негіздерін меңгереді. Далалық археология барысында археологиялық ескерткіштерді сипаттау және жіктеу дағдыларын меңгереді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушылар практика барысында теориялық білімдерін нақты тәжірибемен ұштастырады. Археологиялық зерттеу әдістерімен танысу. Білім алушытер археологиялық зерттеулерге тікелей далалық археология барысында қатысады және археологиялық барлау мен қазба жұмыстарының әдістемелік негіздерін игереді.

### Оқыту нәтижелері

ОН 7 Қосымша тарихи және гуманитарлық пәндер туралы теориялық білімді қолдану, олардың тарихи зерттеудегі рөлін анықтау. Мұрағаттану, мұражайтану, этнологияның өзекті мәселелерін назарда ұстау. Мектепте, оның ішінде туған өлкенің тарихы бойынша тарихи зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу алгоритмін дайындау.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Дәстүрлі және жаңа әдістерді, археологиялық және геодезиялық аппараттарды қолдана отырып, қазба барысында археологиялық ескерткішті жүйелі түрде зерттей білу.
2. Археологиялық аспаптар мен аппараттарды зерттеу үшін қолдану
3. Археологиялық ескерткіштерді далалық археология барысында сипаттау және жіктеу

### Пререквизиттер

Археология және алғашқы қауымдық құрылыс тарихы

### Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері Ежелгі дүние тарихы

## Инклюзивті білім беру

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс барысында студенттер инклюзивті білім берудің принциптері мен әдістемелік негіздері туралы білімдерін қалыптастырады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға, инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуде туындайтын кедергілерді болдырмауға, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласындағы ұйымдастырушылық және басқару құзыреттеріне қатысты заманауи талаптардың жаңа үлгілері туралы идеялар қалыптасады. Білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үлгілері туралы білімді меңгереді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Бұл пәннің мақсаты-студенттерді білім берудегі инклюзивті процестерді ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелерімен таныстыру; инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке дайын, балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете алатын, олардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық студенттер үшін білім беру бағытын құрудың инновациялық технологияларын меңгерген динамикалық, тиімді, өзін-өзі жетілдіретін маман қалыптастыру.

### Оқыту нәтижелері

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. мүмкіндігі шектеулі балалардың интеграциясы туралы ғылыми-практикалық идеялар қалыптасуда.
2. инклюзивті практика жағдайында білім беру ұйымдарының әдістемелік, басқарушылық жұмысымен танысады.
3. инклюзивтік білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру ерекшеліктерін түсінеді.

### Пререквизиттер

Жас ерекшелік психологиясы және физиология

### Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## Абай әлемі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән тарихи фактілерді, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының идеялық-эстетикалық құндылықтарды қалыптастыратын философиялық-көркемдік негіздерін игерте отыра, студенттің өз пікірін айта білу, практикалық дағдыларды және адамгершілік, адалдық, көркем мінез сияқты адами қасиеттерді қабылдауды меңгертеді. Қазақ әдебиеті қаламгерлерінің данышпандық қырлары мен М.Әуезовтің Абай мұрасын зерттеу, насихаттаудағы рөлін, шығармаларының тарих, әдебиет, ғылым үшін маңызын айқындайды.

### Пәнді оқыту мақсаты

Философиялық және дүниетанымдық болмыстың мағынасын қалыптастыру, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармаларында көтерілген мәселелерді түсіну және алған білімді күнделікті өмір тәжірибесінде қолдану.

### Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына қатысты тарихи фактілерді, шығармалардың философиялық-көркемдік негіздерін талдайды
- 2) Абайдың философиялық-көркем шығармаларының гуманистік идеяларын практикада қолданады
- 3) Абай еңбектерінің әдебиет және ғылым тарихындағы орны мен маңызын бағалайды

### Пререквизиттер

Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)

### Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

## Жаңартылған білім беру мазмұны мен критериалды бағалау технологиялары

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктерін, білім сапасына қойылатын стандарттар мен заманауи талаптарды зерттейді. Курс критериалды бағалаудың функциялары мен принциптері, критериалды бағалау технологияларын пайдалану негізінде тарихи пәндерді оқытудың әдістері мен олар туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Құзіреттілікке негізделген білім беру технологияларын, тарих сабақтарында бағалау үрдісін ұйымдастыру тәжірибесін, формативті және жиынтық бағалау, Блум таксономиялық картасын қолдану қарастырылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

қазіргі білім беруді дамытудың проблемалары мен тенденциялары туралы түсінігі бар маман даярлау; білім беру үдерісінің сапасын диагностикалау мен бағалаудың заманауи әдістері мен технологиялары; қабілетті білім беру сапасын бақылау нысандары мен әдістерін жобалау және бақылау мен өлшеудің әртүрлі түрлерін әзірлеу материалдар, оның ішінде ақпараттық технологиялар мен шетелдік әдістемелік-педагогикалық тәжірибеге негізделген материалдар; қабілеттібілім беру процесін жетілдіру үшін кәсіби қызметте осы білімді пайдалану.

#### **Оқыту нәтижелері**

ОН 3 Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі әдістерін, нысандары мен құралдарын және білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды сипаттау. Білім беру процесінің теориясы мен практикасында заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың инновациялық әдістерін зерделеу, білім алушының бақылау-бағалау қызметінің технологиялары мен тәсілдерін қолдану.

ОН 4 Мамандықтың теориялық негіздерін және оқыту әдістемесін сипаттау, тарих мұғалімінің зерттеу және орындаушылық іс-әрекетінің негіздерін анықтау. Білім алушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін, сондай-ақ олардың тарихқа қызығушылығын қалыптастыру тәсілдерін ажырата білу.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайында критериялды бағалау технологияларын қолданудың теориялық және әдіснамалық негіздерін білу;
2. Оқыту барысында критериялды бағалау технологияларын қолдана білу
3. Критериялды бағалау технологияларының педагогикалық және әдіснамалық негіздерін меңгеру

#### **Пререквизиттер**

Педагогика

#### **Постреквизиттер**

Тарихты оқыту әдістемесі

### **Еуропа және Америка елдерінің орта ғасырлардағы тарихы**

Пән циклі Базалық пәндер

Курс 2

Академиялық кредит саны 5

Білімді бақылау нысаны Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән ортағасырлық дәуірдің жалпы тарихи процестегі орны мен маңызы, ортағасырлық өркениеттің тарихи және мәдени ерекшелігі, Еуропа және Америка орта ғасырлар тарихының периодизациясы, медиовистиканың дамуының негізгі бағыттары, саяси даму, әлеуметтік жүйе, ортағасырлық мемлекеттердің мәдениеті мен діні, көрнекті тарихи қайраткерлер, дәуірдің маңызды жетістіктері, ортағасырлық қоғамның даму заңдылықтары мен тарихи процестері феодалдық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы, капитализмнің генезисі туралы тұтас түсінік қалыптастыруға арналған.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Ортағасырлық еуропалық өркениеттің тарихи дамуының негізгі мәселелерін қарастыру

#### **Оқыту нәтижелері**

ОН 5 Дүниежүзілік және отандық тарихтың әр түрлі кезеңдеріндегі тарихи процестерді сипаттау. Тарихи оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын түсіндіру. Қазақстанның тарихи өткенінің құбылыстары мен оқиғаларын жалпы әлемдік тарихи дамудың ортақ парадигмасымен салыстыру арқылы қарастыру.

ОН 8 Ғылыми зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін, ғылыми-зерттеу процесі мен педагогикалық қызметті жоспарлау мен ұйымдастыруды, алынған нәтижелерді бағалау мен түсіндіруді сипаттау. Гуманитарлық пәндер саласында ғылыми зерттеулер жүргізу. Білім беру, ғылыми және тәрбие қызметіндегі міндеттерді шешуде шығармашылық тәсілді қолдану.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Еуропа және Америка елдерінің ортағасырлық тарихының негізгі фактілерін білу

2. Қоғамда болып жатқан процестердің негізгі үрдістерін түсіну

3. Дереккөздердің негізгі түрлерімен жұмыс істеу әдістемесін меңгеру

#### **Пререквизиттер**

Ежелгі дүние тарихы

#### **Постреквизиттер**

Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы

### **Тарихты оқыту әдістемесі**

Пән циклі Базалық пәндер

Курс 2

Академиялық кредит саны 5

Білімді бақылау нысаны Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл пән мектеп тарихы курсының теориялық және әдістемелік негіздерін зерделеуге, тарихты оқыту үдерісінде тарихи білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мектепте тарихты оқытудың интерактивті және инновациялық әдістері мен технологиялары сипатталып, тарих сабағының түрлері, сабақты ұйымдастыру формалары қарастырылады. Пән тарихты оқытуда сабақ жоспарын құру, көрнекі құралдарды пайдалану, компьютерлік технологияларды қолдану дағдыларын үйретеді.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Студенттерге аталынған пән бойынша жан-жақты, кешенді заман талабына сай білім беру. Болашақ мұғалімдердің жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, АКТ құзырлығы жоғары, табысты өмір сүруге дайын маман дайындау болып табылады.

#### **Оқыту нәтижелері**

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды

бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ОН 3 Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі әдістерін, нысандары мен құралдарын және білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды сипаттау. Білім беру процесінің теориясы мен практикасында заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың инновациялық әдістерін зерделеу, білім алушының бақылау-бағалау қызметінің технологиялары мен тәсілдерін қолдану.

ОН 4 Мамандықтың теориялық негіздерін және оқыту әдістемесін сипаттау, тарих мұғалімінің зерттеу және орындаушылық іс-әрекетінің негіздерін анықтау. Білім алушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін, сондай-ақ олардың тарихқа қызығушылығын қалыптастыру тәсілдерін ажырата білу.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) мектептегі тарих сабағында оқу-тәрбие процесін құрудың негіздерін білу
- 2) күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құра білу, сабақтың жоспар-сызбасын құра білу
- 3) педагогикалық қызметінің нәтижелерін ұсыну.

**Пререквизиттер**

Педагогика

**Постреквизиттер**

Педагогикалық практика

## Педагогикалық практика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Педагогикалық практика оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге қатысуды, сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды дайындауды және өткізуді көздейді. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысымен танысады, педагогикалық тәжірибені зерделеу және талдау үшін мұғалімдердің сабақтарына қатысады. Сынып жетекшісінің функциясын орындайды сынып оқушыларының құрамымен, олардың жеке істерімен, жетістіктер күнделіктерімен, үлгерімімен, қатысумен, негізгі оқу міндеттерімен және жұмыс жоспарымен танысады.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Білім алушылардың теориялық білімін тереңдету және жинақтау; Тарих пәні мұғалімі және сынып жетекшісі ретіндегі кешенді қызмет атқаруға дайындау, мектеп мұғалімінің қызметінің барлық саласы бойынша біліктілігін қалыптастыра отырып, тарих пен қоғамтану бойынша сыныптан тыс жұмыстарға жетекшілік ету дағдысын қалыптастыру. Педагогикалық практика өткізудегі басты мақсат – теориялық білімді терең түрде практикамен ұштастыру.

**Оқыту нәтижелері**

ОН 3 Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі әдістерін, нысандары мен құралдарын және білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды сипаттау. Білім беру процесінің теориясы мен практикасында заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың инновациялық әдістерін зерделеу, білім алушының бақылау-бағалау қызметінің технологиялары мен тәсілдерін қолдану.

ОН 4 Мамандықтың теориялық негіздерін және оқыту әдістемесін сипаттау, тарих мұғалімінің зерттеу және орындаушылық іс-әрекетінің негіздерін анықтау. Білім алушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін, сондай-ақ олардың тарихқа қызығушылығын қалыптастыру тәсілдерін ажырата білу.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Тарих сабақтарын, сыныптан тыс іс-шараларды өткізу әдістемесін тәжірибеде қолдану, педагогикалық жағдайларда сенімді әрекет етуге қабілетті болу.
2. Сыныпқа және жеке оқушыға педагогикалық психологиялық мінездеме құрастырады
3. Практика жиналған материалдарды жинау, жүйелеу, рәсімдеу дағдыларын меңгеру

**Пререквизиттер**

Педагогика

**Постреквизиттер**

Педагогикалық практика

## Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Тәжірибенің мазмұны балабақшаның тұтас педагогикалық үрдесінде оқу-педагогикалық процесті ұйымдастырудың ерекшеліктері мен басқару жүйесі туралы көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Білім алушы тәрбиешінің жұмыс жүйесін қоса алғанда, педагогикалық қызметтің барлық түрлері мен бағыттарымен танысады, сабақтар мен топтан тыс сабақтар барысында бақылау, балалардың жас ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау, психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізуді меңгереді.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Педагогикалық іс-тәжірибенің мақсаты білім беру жүйесінде тәрбие процесін жобалаумен және іске асырумен байланысты кәсіби педагогикалық құзыреттерді қалыптастыру, білім алушылардың әлеуметтік және кәсіптік бейімделу жағдайларын қамтамасыз ету, олардың педагогикалық кәсіптің нормалары мен құндылықтарын игеруі, педагогикалық қызметтің іс-әрекет тәжірибесін алуда білім алушылардың жеке басының кәсіптік бағдарлануын қалыптастыру болып табылады.

**Оқыту нәтижелері**



ОН 3 Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі әдістерін, нысандары мен құралдарын және білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды сипаттау. Білім беру процесінің теориясы мен практикасында заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың инновациялық әдістерін зерделеу, білім алушының бақылау-бағалау қызметінің технологиялары мен тәсілдерін қолдану.

ОН 4 Мамандықтың теориялық негіздерін және оқыту әдістемесін сипаттау, тарих мұғалімінің зерттеу және орындаушылық іс-әрекетінің негіздерін анықтау. Білім алушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін, сондай-ақ олардың тарихқа қызығушылығын қалыптастыру тәсілдерін ажырата білу.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Теориялық білімдерін практикада көрсету.
2. Психология -педагогикалық жұмысын ұйымдастыру әдістерін меңгеру.
3. Оқыту және тәрбиелеу әдістерін қолдану.

#### **Пререквизиттер**

Педагогика

#### **Постреквизиттер**

Педагогикалық практика

### **Туған өлке тарихы: оқытудың теориясы мен әдістемесінің өзекті мәселелері**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән аймақтық тарих бойынша ғылыми-тарихи зерттеулердің қазіргі тенденциялары мен бағыттарын зерттеуге бағытталған. Туған өлкенің тарихы бойынша әр түрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыру: жобалау қызметі, дидактикалық материалдарды дайындау, шығармашылық тапсырмаларды даярлау әдістемесі сипатталады. Студенттер өлке тарихы курсының жұмыс бағдарламасы туралы түсінік алады, авторлық оқулықтың жұмыс дәптерінің мазмұнымен, әдістемелік құралдармен, сондай-ақ Шығыс Қазақстан тарихы бойынша аннотацияланған библиографиялық көрсеткішпен танысады.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

2013 жылы ҚР БҒМ бұйрық шығарды,соған сәйкес жалпы білім беретін мектептерде 7 сыныптан бастап міндетті түрдегі пән «Өлкетану» енгізілетін болды. Оның енгізілуі мәдени құндылықтарды терең ұғынуға, туған өлкені жақсы білуге, дүниетанымды кеңейтуге мүмкіндік береді.

#### **Оқыту нәтижелері**

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ОН 3 Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі әдістерін, нысандары мен құралдарын және білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды сипаттау. Білім беру процесінің теориясы мен практикасында заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың инновациялық әдістерін зерделеу, білім алушының бақылау-бағалау қызметінің технологиялары мен тәсілдерін қолдану.

ОН 4 Мамандықтың теориялық негіздерін және оқыту әдістемесін сипаттау, тарих мұғалімінің зерттеу және орындаушылық іс-әрекетінің негіздерін анықтау. Білім алушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін, сондай-ақ олардың тарихқа қызығушылығын қалыптастыру тәсілдерін ажырата білу.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Өлкенің тарихы мен мәдениетін зерттеу бойынша дереккөздерді, өткен және қазіргі кездегі маңызды өлкетану зерттеулерін білу
2. Мектептегі өлкетану қызметінің принциптері мен әдістерін сипаттау
3. Өлкетану бойынша мектеп сабақтарын ұйымдастыра білу.

#### **Пререквизиттер**

Тарихты оқыту әдістемесі

#### **Постреквизиттер**

Отан тарихының өзекті мәселелері

### **Педагогикалық практика**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Практика барысында студенттердің теориялық білімдерін бекіту және тереңдету; болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекет тәсілдерін қалыптастырылады. Студенттердің арнайы, психологиялық-педагогикалық және тарихи пәндер бойынша білімін пысықтау және бекіту; оларды сабақты құрастыру және өткізу, оны талдау үшін тәжірибеде қолдану мен оқыту мен білім берудегі сыни ойлау мен жаңа технологияны пайдалана білуге жаттығу және педагогикалық тәлім-тәрбие ісіндегі ұстаздық қызметке машықтанады.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Тарих пәні мұғалімі және сынып жетекшісі ретіндегі кешенді қызмет атқаруға дайындау, мектеп мұғалімінің қызметінің барлық саласы бойынша біліктілігін қалыптастыра отырып, тарих пен қоғамдық пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыстарға жетекшілік ету дағдысын қалыптастыру.

#### **Оқыту нәтижелері**

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ОН 3 Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі әдістерін, нысандары мен құралдарын және білім алушылардың өзіндік жұмысын

ұйымдастыруды сипаттау. Білім беру процесінің теориясы мен практикасында заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың инновациялық әдістерін зерделеу, білім алушының бақылау-бағалау қызметінің технологиялары мен тәсілдерін қолдану.

ОН 7 Қосымша тарихи және гуманитарлық пәндер туралы теориялық білімді қолдану, олардың тарихи зерттеудегі ролін анықтау. Мұрағаттану, мұражайтану, этнологияның өзекті мәселелерін назарда ұстау. Мектепте, оның ішінде туған өлкенің тарихы бойынша тарихи зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу алгоритмін дайындау.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың белсенді оқыту әдістері мен өлшемді бағалауды технологиясын қолдану
2. Тарих және қоғамдық пәндерді оқытуда заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың инновациялық әдістерін зерделеу және қолдану
3. Мектептегі тарих сабағында оқу-тәрбие процесін құрудың негіздерін білу

### Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

### Постреквизиттер

Өндірістік (педагогикалық) практика

## Қазақстанның жаңа заманғы тарихы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Осы пән ХVIII- XX ғасырлардағы қазақ көшпелі қоғамындағы саяси, әлеуметтік- мәдени және экономикалық өзгерістерді кешенді зерттеуге бағытталған. Қазақ-жоңғар соғыстарының тарихы, қазақ жерін Ресей империясының отарлау аспектілері, қоғамның таптық жіктелуі, мәдениеттің дамуы қазіргі теориялық-әдістемелік тұжырымдамалар тұрғысынан қарастырылады. Курс іргелес аймақтардағы халықтардың тарихымен өзара байланыста және өзара әрекеттесуде студенттердің тарихи оқиғаларды тұтас қабылдауын қалыптастырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Қазақстанның жаңа заман тарихы бойынша білімді қалыптастыру

### Оқыту нәтижелері

ОН 5 Дүниежүзілік және отандық тарихтың әр түрлі кезеңдеріндегі тарихи процестерді сипаттау. Тарихи оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын түсіндіру. Қазақстанның тарихи өткенінің құбылыстары мен оқиғаларын жалпы әлемдік тарихи дамудың ортақ парадигмасымен салыстыру арқылы қарастыру.

ОН 8 Ғылыми зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін, ғылыми- зерттеу процесі мен педагогикалық қызметті жоспарлау мен ұйымдастыруды, алынған нәтижелерді бағалау мен түсіндіруді сипаттау. Гуманитарлық пәндер саласында ғылыми зерттеулер жүргізу. Білім беру, ғылыми және тәрбие қызметіндегі міндеттерді шешуде шығармашылық тәсілді қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. ХVIII - XX ғғ. басындағы қазақ халқы тарихының негізгі мәселелерін білу.
2. Жаңа уақыттағы Қазақстан тарихын зерттеудегі теориялық-әдіснамалық тұжырымдамаларды сипаттау
3. Салыстыру, талдау және дереккөздерді зерттеу негізінде тарихи фактілерді қорытындылау

### Пререквизиттер

Қазақстанның ортағасырлар тарихы

### Постреквизиттер

Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректемесі

## Ғылыми зерттеу негіздері

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс шеңберінде ғылыми зерттеу әдістері, заңдар, принциптер, ұғымдар, терминология, мазмұны, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, жоспарлау және басқарудың өзіндік ерекшеліктері зерделенеді, ғылыми іздеу, тарихи дереккөздерді, мұрағаттық құжаттарды талдау, деректерді өңдеу, ғылыми Міндеттерді өз бетінше шешу дағдылары қалыптастырылады. Пән ғылыми зерттеудің гипотезасы, объектісі мен субъектісі, зерттеу жұмысын жазу кезеңдері және жұмыстың құрамдас бөліктерін жобалаудың практикалық әдістері туралы түсінік береді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқыту мақсаты студенттердің ғылыми- зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту; студенттерді ғылыми білімге тарту, олардың ғылыми- зерттеу ұмыстарын жүргізуге дайындығы мен қабілетін арттыру

### Оқыту нәтижелері

ОН 3 Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі әдістерін, нысандары мен құралдарын және білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды сипаттау. Білім беру процесінің теориясы мен практикасында заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың инновациялық әдістерін зерделеу, білім алушының бақылау-бағалау қызметінің технологиялары мен тәсілдерін қолдану.

ОН 7 Қосымша тарихи және гуманитарлық пәндер туралы теориялық білімді қолдану, олардың тарихи зерттеудегі ролін анықтау. Мұрағаттану, мұражайтану, этнологияның өзекті мәселелерін назарда ұстау. Мектепте, оның ішінде туған өлкенің тарихы бойынша тарихи зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу алгоритмін дайындау.

ОН 8 Ғылыми зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін, ғылыми-зерттеу процесі мен педагогикалық қызметті жоспарлау мен ұйымдастыруды, алынған нәтижелерді бағалау мен түсіндіруді сипаттау. Гуманитарлық пәндер саласында ғылыми зерттеулер жүргізу. Білім беру, ғылыми және тәрбие қызметіндегі міндеттерді шешуде шығармашылық тәсілді қолдану.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) тарихи зерттеулер жүргізуге ғылыми көзқарастың мәнін білу
- 2) Тарихи дереккөздермен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істей білу
- 3) тарихи зерттеу жүргізудің әдіснамалық қағидаттарын, дереккөздермен және тарихнамамен жұмыс істеудің негізгі әдістерін, дербес ғылыми зерттеу жазу дағдыларын меңгеру.

#### **Пререквизиттер**

Тарихты оқыту әдістемесі

#### **Постреквизиттер**

Дипломалды практика